


«ҚАЗАҚША БІЛМЕСЕҢ, ДАЛАДА ҚАЛАСЫҢ»… 5-бет



ҰЛЫЛАРДЫҢ ҚАСИЕТІ ДАРЫҒАН ҚАЙРАТКЕР 7-бет



ЯСАУИ МҰРАСЫ ЖАҢҒЫРЫП ЖАТЫР 16-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni@mail.ru || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || 14 (1195) 06.04.2026





Хабиба ЕЛЕБЕКОВА:

– Біздің кезімізде режиссер көп емес-ті. Және әрқайсысының өз жолы, өз шеберлік құпиясы, мінез-болмысы болады ғой. Кейде бөленше режиссердің актері, актрисасы деп жатады. Мен ондай актриса болған жоқпын. Көптеген режиссер спектаклінде роль ойнадым, мақтан емес, берілген рольді жеріне жеткізе ойнадым.

8 бет

## АЙЫПТАН ЕМЕС, ҒАЙЫПТАН АЙЫППҰЛ ТӨЛЕУ АЗ БОЛМАЙТЫН ТҮРІ БАР?!.



3 бет

«Ақ жол» партиясы көлікте телефон ұстауды автоматты фото-видео тіркеуден алып тастауды ұсынады. Бұндай құқық бұзушылықты жансыз камера емес, тек тікелей полиция қызметкері анықтауы тиіс. Өйткені, бұл ең басты 6 заңдық қағиданы бұзады: 1.Құқық бұзушылықты дәл анықтауы мүмкін емес; 2.Басты заңдық қағида – Кінәсіздік презумпциясы бұзылады; 3.Қорғану құқығының шектелуі; 4.Техникалық қателіктер тәуекелі; 5. Дәлел жеткіліксіз жағдайда айыппұл салуға болмайды. 6.Заңнамадағы пропорционалдық принципі бұзылады.

## ТРАМП В ОБРАЩЕНИИ К НАЦИИ ПООБЕЩАЛ «ОЧЕНЬ БЫСТРО»

## ЗАКОНЧИТЬ ВОЙНУ С ИРАНОМ



13 бет

## «АҚ ЖОЛ» ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ҚАЙТА ЖАҢАРТУДЫ ТАЛАП ЕТТІ



4 бет

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8 (727) 398-57-31 Жазылу индексі – 65380

# Президент Qazaq Digital Mektebi жобасын іске асыруды тапсырды



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованы қабылдады. Кездесу барысында Президентке 2025 жылдың қорытындылары мен 2026 жылға арналған негізгі міндеттер таныстырылды.**

Министрдің айтуынша, жаңа Конституция құндылықтарын ілгерілету мақсатында оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұнын жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар «Таза Қазақстан» бастамасы аясында экологиялық білім беру стандарттары әзірленіп, мектептерде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы енгізілуде.

Жұлдыз Сүлейменова бастауыш білім беру мазмұнына жүйелі талдау жасалғанын атап өтті. Оның айтуынша, мектеп бағдарламалары оқу, жазу және есептеу дағдыларына басымдық бере отырып қайта қаралып жатыр.

Сонымен қатар министр «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 460 мың оқушыға арналған 217 мектептің құрылысы аяқталғанын мәлімдеді.

Саланы цифрландыру бағытында да бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта мектептердің 99 пайызы интернетке қосылған. «Әлеуметтік әмиян» жобасы 6760 мектепке енгізілген. Сонымен қатар дипломдар, аттестаттар мен анықтамалар цифрлық форматқа көшірілді. «Ұстаз» платформасы педагогтерді аттестаттау үдерісін толық автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Министрдің мәліметінше, 240 мыңнан астам мұғалім жасанды интеллектіні қолдану бойынша қайта даярлаудан өткен. Тағы 200 мың педагог ChatGPT Edu жобасы аясында ЖИ-ассистенттерді пайдалану дағдыларын меңгеруде.

Инфрақұрылымды дамыту мақсатында 184 білім беру нысаны іске қосылған. Нәтижесінде үш ауысымды 80 және апатты жағдайдағы 31 мектептің мәселесі шешімін тапқан. Сонымен қатар 209 мектепке күрделі жөндеу жүргізіліп, 1192 пәндік кабинет заманауи құралдармен жабдықталған. Балабақшаға кезек шамамен екі есеге қысқарғаны да айтылды.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент білім сапасын арттыру және оның қолжетімділігін қамтамасыз ету, мектептердегі орын тапшылығын азайту, жұмысшы мамандарды даярлау жүйесін дамыту, бюджет қаражатын тиімді пайдалану және білім беру саласын цифрлық трансформациялау, соның ішінде Qazaq Digital Mektebi жобасын іске асыру бойынша бірқатар тапсырма берді. Сондай-ақ Мемлекет басшысы алдағы үш жылда «Келешек мектептері» жобасының озық тәжірибесін барлық білім беру ұйымдарына енгізудің маңыздылығын атап өтті.

## ҚАЗАҚСТАН – ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҚАУІПСІЗ ЕЛ

**Қазақстан Республикасы 2026 жаһандық терроризм индексі (GTI) бойынша терроризм деңгейі бойынша әлемдегі ең қауіпсіз елдер қатарына енді.**

Биыл Қазақстан азаматтарының қауіпсіздігін жоғары деңгейде ұстап отыр. GTI деректері бойынша, ел 0,000 ең төменгі балл алды, бұл ланкестік оқиғалардың іс жүзінде нөлдік қаупін көрсетеді. Қазақстаннан бөлек Қырғызстан, Түркменстан және Молдова да нөлдік ұпай алды.

Халықаралық сарапшылар тобы қауіпсіздіктің жоғары деңгейі қауіп-қатердің алдын алудың кешенді жүйесі, қауіпсіздік органдарының жұмысы және халықаралық ынтымақтастық арқылы қамтамасыз етіледі деп санайды.

– Еліміз стратегиялық маңызды нысандарды – әуежайларды, теміржол торабтарын, энергетикалық нысандарды бақылау үшін заманауи технологияларды пайдаланады. Құқық қорғау органдары ШЫҰ және ҰҚШҰ аясында төтенше жағдайларға жедел ден қою жаттығулары мен көршілес елдермен бірлескен іс-шараларды жүйелі түрде өткізеді, – деп атап өтті сарапшылар.

Сонымен қатар радикалданудың алдын алуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Мектептер мен университеттер қауіпсіздік бағдарламаларын жүзеге асыруда, жастар цифрлық кеңістікте жалған ақпарат пен экстремистік идеяларға қарсы тұруға үйретіліп жатыр.

– Бүгінде Қазақстан аймақтағы ең қауіпсіз елдердің бірі болып қала береді, ал үкімет қауіпсіздік шараларын күшейтіп, халықтың хабардарлығын арттыруды жалғастыруда, – делінген GTI баяндамасында.

## КҮРДЕЛІ СЫРҚАТ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН АНЫҚТАЛАДЫ



**Қызылорда облыстық көпбейінді ауруханасында заманауи ситуациялық орталық ашылып, жасанды интеллект негізінде радиологиялық-ақпараттық жүйе жобасы іске қосылды. Бұл бастама өңірдегі денсаулық сақтау саласын цифрландыруға бағытталған маңызды қадам саналады.**

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, жоба аясында ТМД елдерінде теңдесі жоқ жүйе құрылып, 27 медициналық нысан бірыңғай ақпараттық платформаға біріктірілді. Нәтижесінде радиологиялық зерттеулер орталықтандырылып, диагностиканың сапасы мен жеделдігі айтарлықтай артпақ.

Әлеуметтік маңызы бар ауруларды ерте анықтау және олардың алдын алу, қатерлі ісікпен күресті күшейту, бюджет қаражатын тиімді пайдалану және радиологиялық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында ашылған жоба DigitalEL тізіміне енгізіліп, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тарапынан ұсынылған. Бұл оны Қазақстандағы медицина саласын цифрландырудағы үздік жобалардың бірі ретінде айқындайды.

Аталған жобаға ПАКС (PACS) жүйесі енгізіліп, x-Eye Mammo, Toraks, Ribout Pneumonia секілді жасанды интеллект шешімдері қолданылуда. Бұл технологиялар медициналық кескіндерді жоғары дәлдікпен талдауға мүмкіндік береді.

Жобаға облыстық онкология орталығы мен облыстық фтизиопульмонология орталығы қамтылған. Медициналық мекемелер заманауи құрал-жабдықтармен толықтырылды: 57 жұмыс станциясы мен дербес компьютер, әр дәрігерге арналған UPS және принтерлер, 28 жоғары ажыратымдылықтағы медициналық монитор, сондай-ақ Agfa 15X цифрландырғышымен жабдықталған 7 рентген аппараты іске қосылды. Бұдан бөлек, цифрландырғыш құрылғыларға 13 лицензия орнатылды.

Жасанды интеллектті енгізудің нәтижесінде ісіктерді 1 мм көлемінен бастап анықтау мүмкіндігі пайда болды. Сонымен қатар қашықтан диагностика жүргізу жолға қойылып, адами фактор әсері 95 пайызға дейін төмендеді. Бұл уақыт пен ресурстарды тиімді пайдалануға жол ашады.

Жоба шеңберінде цифрлық мұрағат қалыптастырылып, пленкасыз технология енгізілді. Нәтижесінде жылына 300 млн. теңгеге дейін үнемдеу мүмкіндігі туындап, зерттеу сапасы артып, клиникалық есеп жүргізу жүйесі жеңілдетілді.

Ситуациялық орталықтың ашылуы – өңір тұрғындарына көрсетілетін медициналық қызмет сапасын жаңа деңгейге көтеретін маңызды қадам болмақ.

## «ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚ РОМАНЫ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ

**Алматыда өткен «Қазіргі заманғы қазақ романы» әдеби жобасының қорытынды салтанаты ұлттық әдебиет үшін маңызды оқиғаға айналды. Жоба қазіргі қазақ прозасын дамытуға, жаңа есімдерді әдебиетке тартуға және қоғамдағы рухани сұранысты арттыруға бағытталған ауқымды бастама ретінде бағаланды.**

Байқауға 3000-нан астам өтінім келіп түсті, олардың ішінен үздік деп танылған 8 автор финалға өтті. Финалистердің жетеуі 3 000 000 теңге көлемінде қаламақы алды, олардың шығармалары 1000 данамен жарық көрді. Салтанатты кеш барысында бұл романдардың тұсаукесері өтіп, оқырманға жол тартты. Әр романның 750 данасы ҚР Ұлттық кітапханасына сыйға беріліп, сол арқылы еліміздің түкпір-түкпіріне таратылады.

Финалистер қатарында Думан Рамазан («Сынақ»), Қуаныш Жиенбай («Аралқұмдағы ақырғы аялдама»), Нұржан Қуантайұлы («Опасыз ойын»), Асқар Алтай («Каскад»), Мұрат Алмасбек («Екі жағалау»), Қуат Бораш («Тәубе»), Айым Ақылтай («Қарыз») сынды есімі елге белгілі қаламгерлер, жас жазушылар бар.

Байқаудың бас жүлдесі – 15 000 000 теңге қазақтың көрнекті жазушысы Жүсіпбек Қорғасбекке «Кельндегі көкжал» романы үшін табысталды. Сонымен қатар бұл шығарма желісімен көркем фильм түсіріліп, үлкен экранға шығуы жоспарлануда.

Жоба ERG директорлар кеңесінің төрағасы Шухрат Ибрагимовтың қолдауымен жүзеге асырылды. Өзінің байқау қатысушыларына арнап жолдаған құттықтау хатында ол ұлттық әдебиеттің маңызына ерекше тоқталып, қазіргі заман жазушыларына үлкен үміт артатынын жеткізді.

Салтанатты шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, ҚР Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов, Түрксой Бас хатшысының кеңесшісі Қанат Саматұлы, Халық жазушысы Бексұлтан Нұржекеұлы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақып, ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Ғазиза Құдайбергенова, баспагер Теміръали Көпбай, белгілі журналистер Қайнар Олжай, Қанат Әуесбай және бір топ зиялы қауым өкілдері қатысты.

## НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВТІ ЕСКЕ АЛУ КЕШІ ӨТТІ

**Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясында қазақтың көрнекті композиторы, күйші, КСРО халық әртісі, Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің туған күніне орай «Атадан мұра» атты еске алу кеші өтті.**



Концерттік бағдарлама аясында Нұрғиса Тілендиев атындағы «Отырар сазы» академиялық фольклорлық-этнографиялық оркестрі өнер көрсетті. Ұжымның көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері – Дінзухра Тілендиева. Сонымен қатар концертке танымал дирижерлер Жалғасбек Бегендіков пен Абылқайырхан Бейсеков қатысты.

Кеш барысында композитордың шығармашылық мұрасының ажырамас бөлігіне айналған «Ата толғауы», «Әлқисса», «Махамбет» күйлері орындалды. Сондай-ақ, белгілі әншілер Рамазан Стамғазы, Светлана Айтбаева және Фархат Кубиевтің орындауында «Құстар әні», «Сарыжайлау», «Құс бол» әндері шырқалды.

Кештің әсерлі сәттерінің бірі – композитордың немересі Даяна Тілендиева Нұрғиса Тілендиевтің жары Дариғаға арнаған «Құс бол» әнін орындауы болды. Сонымен қатар, опера әншілері Әйгерім Шәріпбек пен Жұлдыз Байжұманың өнер көрсетуі шараның көркемдік деңгейін одан әрі биіктетіп, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

# РӨЛДЕ ТЕЛЕФОН ҰСТАУДЫ КАМЕРА АЙҚЫН АНЫҚТАЙ АЛМАЙДЫ

## АЙЫПТАН ЕМЕС, ҒАЙЫПТАН АЙЫППҰЛ ТӨЛЕУ АЗ БОЛМАЙТЫН ТҮРІ БАР?!.





**«Ақ жол» партиясы барлық жүргізушілерге Ақ жол тілейді**

«Ақ жол» партиясы көлікте телефон ұстауды автоматты фото-видео тіркеуден алып тастауды ұсынады. Бұндай құқық бұзушылықты жансыз камера емес, тек тікелей полиция қызметкері анықтауы тиіс.

**Өйткені, бұл ең басты 6 заңдық қағиданы бұзады:**

***1.Құқық бұзушылықты дәл анықтауы мүмкін емес;***

***2.Басты заңдық қағида - Кінәсіздік презумпциясы бұзылады;***

***3.Қорғану құқығының шектелуі;***

***4.Техникалық қателіктер тәуекелі;***

***5. Дәлел жеткіліксіз жағдайда айыппұл салуға болмайды.***

***6.Заңнамадағы пропорционалдық принципі бұзылады.***

Қазір әрбір заң бұзушылыққа айыппұл төлейтін заман екені белгілі. Заң бұзсаң, айыппұл төлеген заңды, ал айыптан емес, ғайыптан айыппұл төлеу де аз болмайтын түрі бар...

Осыған байланысты ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, "Ақ жол" партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Иса Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі Е.Сәденовке депутаттық сауал жолдады. Ол 2026 жылғы 12 наурыздан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасында полиция қызметкерлерінің қатысуынсыз автоматты түрде тіркелуге жататын жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарға жатқызылған жүргізушілердің рөлде телефон пайдалануын анықтау мүмкін еместігі, бұл заң қағидаларына қайшылық тудыратыны туралы күрделі мәселені көтерді.

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ Е. С. СӘДЕНОВКЕ

**Құрметті Ержан Сапарбекұлы!**

2026 жылғы 12 наурыздан бастап, Қазақстан Республикасында полиция қызметкерлерінің қатысуынсыз автоматты түрде тіркелуге жататын жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтардың тізбесін кеңейтетін Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекске түзетулер күшіне енді.

Бұған дейін, автоматты жүйелерде құқық бұзушылықтың 6 түрі тіркелген болатын, атап айтқанда: жылдамдықты арттыру, бағдаршамнан қызылға өтіп кету, жол белгілері мен сызбаларының талаптарын бұзу, дұрыс тоқтамау, тоқтап тұру және басып озу ережелерін бұзу, сондай-ақ жаяу жүргіншілерге жол бермеу.

Қазіргі уақытта аталған тізім, рөлде ұялы телефонды пайдалану және қауіпсіздік белдігін бекітпеу секілді ереже бұзушылықтармен толықтырылды.

Бұндай жайсыз жаңалық әлеуметтік желілерде үлкен резонанс тудырып отыр. Ресми мәлімет бойынша елімізде шамамен 6 млн. көлік тіркелген екен, демек, осы шамалас жүргізуші бар деген сөз.

Айта кету керек, егер бекітілмеген қауіпсіздік белбеуінің фактісін фото және бейне түсіру құралдарымен анықтау айқын болса, ал ұялы телефонды пайдалануды анық айқындау мүмкін емес, екіұштылық пен күмән тудырады.

Конституциясының 77-бабы бойынша заңнаманың негізгі қағидасы: Кінәсіздік презумпциясы – кінә дәлелденбейінше, адам кінәлі емес деген басты қағида бұзылып отыр. Өйткені, ешкім өзінің кінәлі еместігін дәлелдеуге міндетті емес.

1.Біріншіден, Фото-бейне камера арқылы телефонды пайдалануды анық айқындау мүмкін емес, күмән тудырады. Автоматты камералар телефонды нақты қолданды ма, әлде жай қолында ұстады ма, немесе ол телефонға ұқсас басқа зат па, осыны дәл анықтай алмайды.

Мысалы, жүргізуші телефонмен сөйлеспей, тек орнын ауыстыру үшін қолына алуы немесе кронштейнге орнатып, навигатор ретінде пайдалануы мүмкін.

Автоматты тіркеу кезінде кейде дәлел толық болмайды, жағдай контексті анықталмайды және жүргізушінің түсініктеме беру құқығы шектеледі.

2.Екіншіден, Азаматтар, әсіресе таксишілер көп қолданатын смартфон ұстағыш кронштейндерді пайдалану ерекше алаңдаушылық туғызуда.

Өйткені, мұндай құрылғыларға орнатылатын смартфондар жүргізуші үшін навигатор рөлін атқарады. Яғни, навигациялық қызметтерді қауіпсіз пайдалануға, жол бағытынан адаспауға жағдай жасайды, жылдамдық шектеулері мен жолдың қауіпті учаскелері туралы ескертеді.

Нақты айтқанда, телефондағы навигациялық жүйелер жол қауіпсіздігін жақсарту құралы. Оларды шектеп, негізсіз жауапкершілікке тарту, жүргізушілерді алаңдатып, телефон емес, мина ұстайтындай қауіптеніп отыру салдарынан жол апатының артуын тудыруы мүмкін...

Яғни, бұл жерде Жол қауіпсіздігін қадағалайтын жол полициясы Жол қауіпсіздігін жақсарту құралы навигаторға қарсы болып отыр... Бұл Президент Тоқаевтың бастамасымен «Цифрлық ел боламыз» деп отырғанда, цифрландырудың игілігін көруге қарсы тосқауыл деп білеміз.

### ЗАҢДЫ ДӘЛЕЛДЕР:

1.Егер құқық бұзушылықтың объективтік жағы толық дәлелденбесе, әкімшілік жауапкершілік қолданылмауы тиіс.

**Әкімшілік құқықта құқық бұзушылықтың барлық элементтері дәлелденуі керек. Егер "пайдалану" емес, тек "ұстау" тіркелсе — бұл толық дәлел емес. Сондықтан, бұл әкімшілік құқықтың негізгі қағидаларына қайшы болады.**

2.Автоматты жүйелердің техникалық қателік тәуекелі де бар.

Заңдық ұстаным бойынша кез келген күмән айыпталушының пайдасына шешілуі тиіс. Егер: фото-видео анық болмай, әрекет нақты көрінбеген кезде онда айыппұл салу заң принциптеріне қайшы болады.

Барлық жағдайды автоматты түрде бірдей айыппұлға жатқызу – пропорционалдық принципіне де қайшы.

3.Қорғану құқығының шектелуі

Автоматты тіркеуде полициямен тікелей байланыс жоқ, жағдайды түсіндіру мүмкіндігі жоқ және дәлелдерді бірден ұсыну қиын.

Бұл Әкімшілік іс жүргізудегі қорғану құқығын толық жүзеге асыруға кедергі. Рөлде телефон ұстауды автоматты түрде әкімшілік құқық бұзушылыққа тіркеу заңға қайшы.

Бұл ең басты 6 заңдық қағиданы бұзады:

1.Құқық бұзушылықты дәл анықтауы мүмкін емес;

2.Басты заңдық қағида - Кінәсіздік презумпциясы бұзылады;

3.Қорғану құқығының шектелуі;

4.Техникалық қателіктер тәуекелі;

5.Дәлел жеткіліксіз жағдайда айыппұл салуға болмайды.

6.Заңнамадағы пропорционалдық принципі бұзылады.

Яғни, құқық бұзушылық фактісі нақты анықталмайды, сондықтан, әкімшілік жазаны автоматты түрде қолдану заңның басты қағидаттарына қайшы келеді. Бұл мәселе шешілмесе, азаматтар айыптан емес, ғайыптан кінәлі болып шығады. Қазірдің өзінде үкіметтің тұяқ қыймылдатпай-ақ, саусақ қимылдатып, салық пен айыппұл санап алып, отыра беретін жағдайы бар. Енді жалпы жүргізушілерді айтпағанда, адам тасып, жанын бағып жүрген таксишілердің тапқан нанына таласпай-ақ қойса да болады ғой?!.

Бұдан бөлек, телефонды пайдалану фактісі, заң бұзушылықтың тіркелу уақытын, телефон байланыстарының детализациясымен салыстыру арқылы объективті түрде анықтап, тексеруге болады.

Сондықтан, автоматты тіркеудің екіұшты әрі даулы деректері негізінде, азаматтарды әкімшілік жауапкершілікке тартуға жол берілмеуі тиіс деп санаймыз.

Қысқасы, «Ақ жол» партиясы көлікте телефон ұстауды автоматты фото-видео тіркеуден алып тастауды ұсынады. Бұндай құқық бұзушылықты жансыз камера емес, тек тікелей полиция қызметкері анықтауы тиіс.

**«Ақ жол» демократиялық партиясы ұсынады:**

1.Уәкілетті тұлғалардың қатысуынсыз фото және бейнетіркеу деректері негізінде рульде ұялы телефонды пайдаланғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке автоматты түрде тарту алынып тасталсын.

2. Полиция қызметкерлерінің қатысуымен және азаматтардың қорғау құқығын қамтамасыз етумен, осындай фактілерді қосымша тексеру міндеттілігі бекітілсін.

3. Еркін түсіндіруді болдырмайтын құқық бұзушылықты тіркеудің нақты және біржақты критерийлері әзірленсін.

4. Арнайы ұстағыштарға орнатылған және жүргізушінің көлік құралын басқаруына кедергі келтірмейтін жағдайда, мобильді құрылғыларды навигатор ретінде пайдалануды нормативтік тұрғыдан бекіту мүмкіндігі қарастырылсын.

"Ақ жол" партиясы барлық жүргізушілерге Ақ жол тілейді.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» ҚДП**
**фракциясының депутаттары:**
**Қазыбек Иса,**
**Азат Перуашев,**
**Дания Еспаева,**
**Ерлан Барлыбаев,**
**Серік Ерубаев,**
**Олжас Нұралдынов.**

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ О.А. БЕКТЕНОВКЕ

# «АҚ ЖОЛ» ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫН ҚАЙТА ЖАҢАРТУДЫ ТАЛАП ЕТТІ

«Ақ жол» демпартиясы Үкіметтен 1 сәуірге дейін ШОБ-ты қолдау шараларын толыққанды қайта жаңартуды даярлау жөніндегі Президент тапсырмасының орындалуын сұрады. Бұл туралы депутаттық сауалды ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» ҚДП фракциясының мүшесі Серік Ерубаев жолдады.

Ағымдағы жылғы 10 ақпанда Президент Қ. Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында бірнеше маңызды тапсырмалар берген еді.

«Ақ жол», ұлттық бизнес пен отандық өндірушілерді қолдайтын партия ретінде, Президенттің бизнесті қолдау саясатын толыққанды қайта жүктеу жөнінде тапсырмасына аса назар аударғымыз келеді.

Президент тапсырмасында: 1 сәуірге дейін, Үкімет «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп әрбір кәсіпкерге тікелей смартфоннан қолжетімді бірыңғай цифрлық экожүйені құра отырып, мемлекеттік қолдау шаралары бизнестің технологиялық деңгейі мен санатына қарай сараланып, шағын бизнестің «күнкөріс режимінен» тұрақты даму деңгейіне өтуіне жағдай жасауға, ал шикізаттық емес сектордағы, орта бизнесті қолдау – дайын өнім нарығын кеңейтуге бағытталуы тиіс делінген.

Алайда, бүгінгі күні аталған тапсырманың орындалуы туралы нақты ақпарат жоқ.

Айта кету керек, Үкімет жаңа Салық кодексінің аясында бюджет кірістерінің өсіп отырғанын мәлімдеуде. Расында, ресми деректер бойынша осы жылдың алғашқы екі айында салық түсімдері өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 129,4 пайызды құрады.

Дегенмен, сарапшылардың бағалауынша, осы кезеңде шағын және орта бизнес субъектілері қысқарып, жыл басынан бері шағын бизнес субъектілерінің саны 64 мыңға, жеке кәсіпкерлер саны 67 мыңға азайып үлгерген. Бұл тек салық



базасының қысқаруы ғана емес, жұмыс орындарының да жоғалуына әкелетін жағымсыз үрдіс.

Бірақ та, жоғарыда айтылған, салықтық түсімдердің өсуі, уақытша инерциялық сипатқа ие болуы ықтимал, ал бизнес субъектілерінің қысқару үрдісі алдағы кезде нақты экономикалық ахуалды айқындауы мүмкін. Мұндай жағдайда, Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі тапсырмасының маңыздылығы арта түседі.

Осыған орай, «Ақ жол» фракциясы:

1. Президенттің үстіміздегі жылғы 10 ақпанда Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген шағын және орта бизнесті қолдау жөнінде бағдарлама әзірлеу тапсырмасының орындалу барысын жариялауды;

2. Әзірленіп жатқан бағдарламада шағын және орта бизнесті қолдауға қандай тетіктер мен шешімдер қарастырылғандығын баяндауды сұрайды.

3. Өз тарапынан, «Ақ жол» отандық өндірушілер мен кәсіпкерлер париясы ретінде, сол бағдарламаға көптеген жылдар бойы жиналған өз ұсыныстарын Үкіметтің қарастыруына жіберуге дайын екендігін мәлімдейді.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» ҚДП**
**фракциясының депутаттары**
**С.Ерубаев**
**А.Перуашев**
**Д.Еспаева**
**Е.Барлыбаев**
**Қ.Иса**
**О. Нұралдинов**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ О. БЕКТЕНОВКЕ

# «САРЫ ПАРАҚТАР» ҚАҒИДАТЫ КВАЗИСЕКТОР ҮШІН МІНДЕТТІ БОЛУЫ КЕРЕК

**Квазимемлекеттік компаниялардың мемлекеттік сатып алу жүйесінде «сары парақтар» қағидатының бұзылуына қатысты депутаттық сауалды «Ақ жол» фракциясының депутаты Олжас Нұралдинов жолдады.**

Президент Тоқаев «Экономиканы ырықтандыру шаралары туралы» Жарлығымен «Реттеуші сары парақтар» (Regulatory Yellow Pages) қағидатын енгізу міндетін белгіледі.

Осы тәсілдерге сүйене отырып, «Ақ жол» демпартиясы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңды қарау барысында жеке кәсіпкерлік субъектілерінен кемінде екі өтінім болған жағдайда, квазимемлекеттік компаниялардың мемлекеттік сатып алуға қатысуына жол берілмейді деген түзетуге бастамашы болды.

Бұл түзету Парламент тарапынан қолдау тауып, заңда бекітілді.

Алайда кейін ҚР Қаржы министрлігі өз бұйрығымен бұл норманы мақсатты түрде шектеп, «Самұрық-Қазына» қорының нарықтың елеулі үлесін иеленіп, сатып алуларға қатысу арқылы жеке бизнесті ығыстыруды жалғастырып жатқан көптеген еншілес және тәуелді құрылымдарын іс жүзінде осы талаптан шығарып тастады.

Осыған байланысты 2 қазанда «Ақ жол» демпартиясы аталған бұйрықтың заңсыздығы мәселесін көтерген депутаттық сауалын жолдады.



30 қазанда Үкімет сауалға жауап берді, алайда «Ақ жол» фракциясы бұл жауапты сенімсіз әрі Үкіметтің өз әрекеттеріне қайшы келеді деп санайды.

Атап айтқанда, Үкімет жауабында «қордың еншілес кәсіпорындарының сатып алуларға қатысуын шектеу мемлекеттік бюджетке түсетін дивидендтердің төмендеуіне әкелуі мүмкін» делінген.

Алайда 2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджетте «Самұрық-Қазына» АҚ-дан дивидендтер түсімі қарастырылмағанын еске саламыз, дәл осы мәселеге «Ақ жол» фракциясы қарсы шыққан.

Яғни, Үкіметтің жауабы оның өзі 2025 жылдың күзінде енгізген бюджет жобасымен де сәйкес келмейді.

Ең бастысы, биылғы жылдың 10 ақпанында өткен Үкімет отырысында Президент Тоқаев экономиканы ырықтандыру туралы Жарлықты іске асыру Үкімет тәсілдерін қайта қарауды талап ететінін атап өтіп, кәсіпкерлікке қолайлы орта қалыптастыру құралы ретінде «сары парақтар» қағидатын толық енгізуді тапсырды.

Осыған байланысты «Ақ жол» демпартиясы кезекті рет талап етеді:

1. Мемлекеттік сатып алу жүйесінде «сары парақтар» қағидатын квазимемлекеттік сектордың барлық субъектілеріне, соның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін компанияларға толық және сөзсіз қолдануды қамтамасыз ету.

2. Қаржы министрінің 2024 жылдың 9 қазанындағы №687 бұйрығын Жарлыққа сәйкестендіріп, аталған қағидатты қолданудан жалтаруға мүмкіндік беретін нормаларды алып тастау.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының**
**депутаттары**
**О. Нұралдинов,**
**А. Перуашев,**
**Д. Еспаева,**
**Е. Барлыбаев,**
**Қ. Иса,**
**С. Ерубаев**

# ЖАСТАР МЕМЛЕКЕТТІК РЕФОРМАЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

**«Ақ жол» Демократиялық партиясы Жамбыл облыстық филиалының іс-шаралар жоспарының желілік кестесіне сай «Мемлекеттік реформалар және қоғамның билікке деген сенімі» тақырыбында жастармен кездесу өтті.**

«Ақ жол» Демократиялық партиясы Жамбыл облыстық филиалы төрағасының орынбасары Сейсекүл Әбдісаттарова, партиядан сайланған Тараз қалалық мәслихатының депутаты Шахан Байкенжеев, филиал заңгері Жеңіс Сариев кездесуде ұлттық бірлік пен халық сенімі – реформалардың қозғаушы күші екеніне айрықша тоқталды. Еліміз құқықтық және қоғамдық дамудың маңызды кезеңінде тұрғанына тоқталды.

Спикерлер сондай-ақ Жаңа Конституция әр азаматтың құқықтарын қорғайтынын, өз ісін ашқандардың кәсіпкерлік еркіндігін қамтамасыз ететінін қозғады.

«Реформа – мемлекеттіліктің іргетасы, ол қоғамдық бірлікке жол ашады. Қоғамдық ынтымақтастық – ел тұрақтылығының негізгі тірегі. Бұл – бейбітшілік пен өзара құрметке негізделген қоғам қалыптастыруға бағытталған маңызды ұстаным», – дей келе Сейсекүл Дүйсебайқызы Жаңа Конституция жасанды интеллект және жаппай цифрландыру дәуірінде Қазақстанның тұрақты дамуына мызғымас негіз қалайтынын атап өтті.

Ашық диалог форматында өткен кездесуде жастар ойпікірлерін ортаға салып, дамудың жаңа кезеңінен жаңа өзгерістер күтетіндіктерін жеткізді.

**akzhol.kz**






# «ҚАЗАҚША БІЛМЕСЕҢ, ДАЛАДА ҚАЛАСЫҢ»...

### Ол күн де алыс емес-ау

Бұрын орысша білмесең адам болмайсың дейтін. Кімнің адам болғысы келмейді. Бәріміз орысша сөйледік. Сөйлей алмаса да, сөйлегісі келіп ынтығып тұратындар көп болатын.

Ал қазір керісінше тәрізді. Неге? Ертеректе Алматы қалалық Тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өткен бір мемлекеттік тілге арналған жиында болдық. Бірнеше мекеме басшылары мемлекеттік тілдің ахуалы туралы есеп берді. Әрине, сөйлеуге, баяндаманы оқуға келгенде күмілжіп, тілі сынбағандары да болды. Сонысына ыңғайсызданғаны, қысылғаны, ұялғаны, кешірім сұрағысы келіп тұрғаны және сезілді. Ал бұрын қазақ тілін білмегені үшін ұялушы ма еді? Қайта сонысын мақтан көретін еді ғой. Демек, бұл – ілгерілеу. Ниет, пиғыл дұрыс. Шынымды айтсам, сол жиыннан кәдімгідей қанаттанып шықтым.

Осыған қарағанда, «қазақ тілін білмесең, адам болмайсың» дейтін күн де алыс емес-ау...

### Наразылықтың белгісі

Ақылды адамдар өтірік те айта алмайды. Шындықты да айтып жарытпайды. Себебі, оның тиісті орындардан ақпарат алатын мүмкіндігі жоқ. Бірақ, қоғамға наразылығын басқа жолдармен білдіреді.

Бейнекамерадан қаланың ортасынан түсірілген бір көріністі тамашалап отырмыз. Бір кісі пәтерінен шығады да, қолындағы қоқысты көшеге шашып кетеді. Күнара осылай. Жұрт: «Әлгі адамды табу керек, сөйлесу керек, жөнге салу керек, мұндайлармен басқаша сөйлесу керек» деді. Бұл бәлкім, шаршаған, жүйкесі жұқарған адам болуы мүмкін, бәлкім, дені сау адам шығар. Ендеше, қоқысты неге шашады? Гәп осында. Төңірек тап-таза болып, қоқыс уақытында алынып тұрса ол неге мұндай әрекетке барады? Демек, тиісті орындардың жұмысына көрсеткен наразылығы ғой.

Ол өтірік айтқан жоқ, әбден өтірік ақпар беріп үйренген кейбір мекемелердің жұмысына деген наразылығын өтірік айтып шаршамай-ақ осылай білдірді. «Іспен» дәлелдеді.

Біреу байқады, біреу байқамады. Алматыда белгілі бір жерлерде мұнтаздай киінген, жылтыраған шашын әдемілеп айырып тараған, екі қолын артына ұстап жүретін бір кісі бар. Сырбаз, сымбатты адам. Естуімізше, бұрын белгілі ғалым, өте сауатты, білімді кісі болған. Әлгі кісі анда-санда ернін сәл түртитіп, айналасындағы адамдарға тіксініп, көзін алартып қарайды.

Бұл да қоғамға деген наразылығын білдірудің бір сыпайы жолы, амалы.

Енді қайтеді?..

### Қалада ешкінің сүті бар ма?

Қайсыбір жолы қаланы шарлап бесік іздеп едік. Әйтеуір, бір тәуірін таптық. Енді қайсыбір күні ешкінің сүтін іздедік.

Бұрыныракта «дастарханда құстың сүтінен басқаның бәрі бар» деп сөйлейтін. Қазіргі заманда «жаныңнан басқаның бәрі бар» дейді.

Онысы рас. Дүкенге кірсеңіз, етке салатын наныңыз, бауырсағыңызға дейін бәрі-бәрі толып тұр. Қазіргі әйелдер, келіндер екі білегі талып нан илемейді. Осыны көрген бір құрдас «қазір өзі әйелдің керегі бар ма?» деп қалжыңдап еді.

Есіктің алдында айқайлап жүріп сататын сиыр сүті бір күн өтпей көк су болып шыға келеді. Қаймағы және жоқ. Соған қарағанда, не сиыр «самопал», не сататын адам «өнертапқыштықпен» айналысатын болуы керек.

Қазақ қойдың сүті қорғасын десе, ешкі сүтінің емдік қасиетін де көп білген. Өзіміз осы ешкінің сүтімен өстік. Бір кесесін төңкеріп алсаң, ойын баласының күнұзаққа қарны құрқ етпейтін.

Ананың денсаулығына байланысты емшек сүтіне жарымаған сәбилер де аз емес. Демек, ана сүтімен коректенбеген, уызға жарымаған баланың да әлжуаздау болып өсетіні әлімсақтан белгілі. Әрине, ананың емшек сүтіне ештеңе жетпейді, оны ешқандай бағаға сатып ала алмайсың. Алайда, ешкінің сүті сол ана сүтін ауыстыруға жетекабыл. Ұстазымыз Шерхан Мұртаза «біз ешкінің сүтімен өскенбіз» деп жиі айтушы еді. «Ешкінің сүтін ішпегендердің елуге дейін есі кірмейді» деуші еді тағы бір зиялы ағамыз.

Қайсыбір күні немерелерім дәмін татып көрсін деген оймен ешкінің сүтін іздедім. Әлгі бір кинодағы Еңлікгүл іздеген шал құсап біраз жерді шарладым. Біреулер бұрыныракта кішкентай калбырда сатылатын дейді. Бірақ, мен таппадым. Осының бәрі – айналып келгенде, ұдайы ауылды ойлап жүрудің, сағынып жүрудің белгісі. Қазақтың қаласы ауылда өскен адамның қажетін қанағаттандыра ала ма?

Қазақтың ұлы ақыны Қадыр аға да өмірінің соңғы жылдарында ешкінің сүтін ішті. Елді сағынды ма екен, жарықтық!

### Өтірік айту «пәлсапасы»

Қазіргі қоғамды ұстап тұрған – Өтірік тәрізді. Өтірік өсектен шықты ма, жоқ әлде өсек өтіріктен өсіп-өнді ме, оны кім білсін, әйтсе де, бүгінде өтіріктің тасы өрге домалап тұрғаны рас. Мұхаммед пайғамбарымыздың хадисінде үш жағдайда айтылған өтірік күнә болып есептелмейді екен.

Соғыс кезінде айтылған жалған сөз. Себебі, ұрыс айласыз болмайды.

Араздасқан екі адамды жарастыру үшін, яғни, бітімге келу ниетінде айтылған өтірік.

Ерінің әйеліне татуласу үшін айтқан өтірігі.

Қалғаны өтірік, кешіруге болмайды. Хадисте айтылғандай, осы уақытқа дейін араздасқан екі адамды жақындастыру үшін баспасөз бетінде өтірік айтылған болса, сол адамды өмірбақи жақсы көріп кетер едік. Демек, біз өтірікті айтатын жерінде айтпаймыз және-дағы жай ғана емес, өкіртіп айтамыз.

Бүгінгінің өтірігі тіпті өтірікке ұқсамайды. Елге пайдалы өтірік болса бір сәрі. Қазір үлкен шенеуніктен бастап, сарыауыз балапан шенеунікке дейін өтірік соғады. Бір қарағанда, біздің қоғам өтірікпен өмір сүріп отырғандай әсер қалдырады.

Біреу біреуге мен саған міндетті түрде жер алып беремін дейді. Жай айтпайды, міндетті түрде дейді. Өзіне-өзі сенімді, неткен сенім!

Өтіріктің үлкен-кішісі болмайды. «Өткізу үшін шындықты, өтірік костым аздаған» депті Қадыр Мырза Әли. Дұрыс, ол заманда шындықты жеткізу үшін біреуді мақтау арқылы да ұлтқа керек деректі айту қажет болды. Ең сорақысы – ұлт қауіпсіздігіне, мемлекет қауіпсіздігіне қауіп төндіретін өтірік, әрине.

Қазақ қоғамында биікке шыққан азаматтар аз емес. Біліктің талай баспалдағынан өткен, тойған қозыдай болып томпиып жүретін, бір қарағанда тірі жанға қиянаты жоқтай көрінетін бір шенеунік тападай талтүсте бәленбай мың доллар пара алды деген күдікпен ұсталды (бәлкім, ұстатты), кейбіреулер күдікпен демей пара алды деп те жіберді.

Осы ақпарат ресми орындардың аузымен айдай әлемге тарады. Айларға созылған жанкешті сот болды. Бірақ, ол басқа статьямен сотталды, пара алғаны дәлелденбеді, демек, өтірік айттық. Оның өтірік екенін сұңғыла жұрт әу бастан біліп қойды. Сонда неге өтірік айттық деймін ғой. Өтірік айту кім үшін керек болды?

### Зенков – нағыз зиялы жан екен

Андрей Зенков – ертеректе Алматының сәулетшісі болған кісі. Осы адам Алматыға (Верныйға) келісімен өзі үшін «қазақша-орысша» сөздік жасапты. Оны жергілікті адамдармен тіл табысу, тіл үйрену үшін жасаған. Мәдениетті, өзге елдің салтын, дәстүрін сыйлайтын, құрметтейтін, шовинистік пиғылдан таза, ниеті түзу аса зиялы адам ғой. Қайсыбір жолы архивтен алдырып, баспасөз бетіне жариялаттым.

***

Ұлтшыл болмасаң іс бітпейді. Қалай ұлтшыл болмайсың – қазақты қорлау әлі де бар.

***

Өзінің орыс тіліне шорқақтау екенін мін санаған жас басшыға Иманғали: «Айналайын, бұл сенің мінің емес, артықшылығың» – деді.

***

Рушыл емес, рухшыл жігіттер қатары көбеймей тұр.

### Заман кімдікі?

Кезінде Баубек Бұлқышев «Заман – біздікі» деп еді.

Бұл кімнің заманы? Каймақтардың ба? Маймақтардың ба? Ғалымдардың ба? Залымдардың ба?..

***

Хакімжан Наурызбаев Сәтбаевтың биіктігі төрт метр ескерткішін жасады. Ал енді осыны ешкім керек қылмайды.

Қазаққа қыруар байлық тауып берген адам керексіз...

***

Қазір кейбір басшылар орташа деңгейдегі, орташа таланттарды қабылдауға құмар. Үлкен мінберлерден орташа таланттардың сөйлеуіне жол береді. Сірә, өзімнен зор шықпасын деу.

***

Біреулер дембіл-дембіл, арақідік кеш өткізуге құмар. Өйткені, ел есінен шығып қаламын деп қорқады. Ал кейбір азаматтар мұндай дырдуға құмар емес. Себебі, олар қазақ аман болса ұмытылмайтынын, зердеде сақталатынын біледі. Содан кейін де бұл мәселеге бас қатырып, арамтер болмайды.

***

«Әй, өзім де құмын ғой, октябрьден арыға бармаймын» деген екен біреу ілгеріде. Қазіргі жазармандардың кейбірінің тірлігі де осыған ұқсас.

### Тәрбие деген осы-ау, шамасы

«Біздің тұқымнан да бір айтулы алқаш шықпады-ау деп алаңдаулы едім, әйтеуір, сен шықтың ғой» деді бірде бір ағамыз інісіне.

«Қазақ сөзге тоқтайтын халық» деген пікірге осы жолы иландым. Сол інішек көп ұзамай арақты тастады.

***

Қызым Қаламқас «әке, мына газеттерді тастай берейін бе?» – деп телефон шалды. Тәрбие деген осы-ау, шамасы.

***

Кісі баласы – пенде. Тіпті, Архимедтің өзі (тартылыс заңын ашқан адам) жерді аударып жіберейін бе, тіреушісі болса да деген ғой.

***

Өз елінің атағынан, марапатынан бас тартуды ерлік санайтындар бар. Егер еңбегім сіңіп жатса маған өз елім, мемлекетім ағаш медаль берсе де алар едім. Өйткені, ол менің елімнің, Тәуелсіз елімнің наградасы ғой. Егер әлгі бас тартатындарға, бәлкім, қазіргі атағына қанағаттанбайтындарға «Халық қаһарманы» атағын беремін десе, әжептәуір ойланар еді.

***

Әдетте, құсатын адам, әсіресе, запыран құсатын адам жаны шығып кете жаздамай ма, ал мен күлімсіреп отырып құсқан адамды көрдім.

***

Бір нейрохирург демалыстан орала салысымен екі қолы алдына сыймай, «маған бас әкеліңдер» депті. Әрине, адамның басын сұрайды ғой.

***

Қызып алған бір әнші «тірі даусымды сағындым» деп жылапты.

***

«Осы бір кісі алпысқа келді. Бірақ, шашы әлі қап-қара» – деді бір әріптес.

Айтпаса сөздің атасы өледі. Тағы бір әріптес тіл ұшына келген сөзді іркіп қала алмады. «Бұл кісі өзінің шашы қара болғанымен, талайдың шашын ағартты ғой...».

**Қали СӘРСЕНБАЙ,**
**жазушы**

# ӨЗ КӘСІБІН ШЕКСІЗ СҮЙДІ

**Сұлтан Сүтбаев ағамыз Қарағанды облысының Аралтөбе ауылында дүниеге келген. ҚР «Жер қойнауының «Құрметті барлаушысы».**

**«Кен қорларын бірінші ашушы», Шет ауданының «Құрметті азаматы». Қазақтың тау-кен институтының түлегі, инженер-гидрогеолог.**

**Орталық Қазақстан геологиялық басқармасының Ақадыр геологиялық барлау экспедициясында аға техник-гидрогеолог, гидрогеолог, аға гидрогеолог, экспедиция басшысы болып істеді.**

**Ақадыр аудандық қоршаған ортаны қорғау басқармасының төрағасы, Орталық Қазақстан жер қойнауын бақылау аумақтық басқармасының Балқаш және Жезқазған аймақтық инспекцияларынының бас маманы, «Қазақмыскорпорациясы» ЖШС-і «Жезқазған түстімет» ӨБ-де бас геологтың орынбасары. Оның басшылығымен және тікелей қатысуымен Сарысу жерасты суларының кен орындары тобын ашып, барлау жұмыстарын жүргізіп, Ақшатау және Ақжал кеніштері үшін Жәмші және Қарабұлақ жерасты суларын барлап, болашақ Ұзынжал кен орнын сумен қамтамасыз ету мақсатында Киікті, Сарыбұлақ, Үшбұлақ-Атасай жер асты суларының қорларын барлап, Ақадыр кентінің суға мұқтаждығын өтеу үшін Талдыеспе жерасты суларының қорларын мемлекеттік қор комиссиясында бекітеді.**

**«Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбек ардагері», т.б. медальдарымен марапатталған.**



1980 жылы оқуымды бітіріп, екі тілде шығатын Ақадыр аудандық газеттеріне орналастым. Алғаш тілші, көп ұзамай өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі болып шыға келдім.

Айтары жоқ, Ақадыр өнеркәсіпті аудан болатын. Теміржолы бар, Ақшатау комбинаты бар, оған салынып жатқан Көктіңкөлі және Қайрақты комбинаттарын қосыңыз. Одан тыс Ақадыр барлау экспедициясы орналасқан.

Алғашқы мақаламды осы экспедициядан бастағам. Не де болса нардан жығылайын деп, бастығының өзіне барайын. Бастығының қазақ екендігіне қарай райланып кіргем. Алайда кіріп шығушылар арасында өзім түстестер көріне қойса, кәне? Мұның өзі аяғымды тартуыма себеп болды-ау деймін. Іздеп келген адамым Сұлтан Сүтбаевты сырт естуім ғана бар. Міне, енді алдында отырмын. Міне, қызық, сауалды мен емес, ол кісі қойсын.

– Кім болып істейсің? – байқаймын мені жассынып отыр.

– Өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісімін.

– Не бітірдің?

– ҚарМУ-дің филфагын. Бұрын Алматының политинде оқығанмын... Ақшатаудың шахтасында істегем...

Ағамыз сонда ғана жібіді-ау деймін.

– Кейінгің жарамаған. Әсіресе, қазақ баласына. Мен де химик болуды армандағам, алайда маңдайыма геолог болуды жазған екен. Оның ішінде гидрогеологпын. Атауы айтып тұрғандай жерасты суларының маманымын.

Ол кезде суға кім мән берген. Шындығында, қазақ даласы суға тапшы екен. Заманында жүз жыл бұрын ашылған кеніштер осы су тапшылығына қарай игерусіз келген екен. Оған өзіміздің Балбыраудың темір, Бозшакөл мыс кен орындарын айтсақ та болады.

Мұндай кен орындары Ақадыр, оның ішінде Ақшатау өңірінде де жеткілікті болатын. Әсіресе, сол тұстары қарқын алған Ақшатау кеніштерінің су көздері сарқыла бастаған. Сол кезде қанатына шып ілестірген қарлығаштайын Сұлтан ағаларым жетіпті. Ақшатау кен-байыту комбинатын нәрлендірген Жәмші жерасты суының қорын осы Сұлтан Сүтбайұлы ағамыз анықтапты. Айтып отырған Көктіңкөлі, Қайрақты кеніштерін игеру үшін де су көздері керек. Онан сырт елді мекендердің қалыпты өмір сүрулері үшін су ауадай қажет.

Осыдан бастап менің геологтарға деген көзқарасым өзгерсін. Менің балалық шағым өткен Ақшатауда геологтардың барлау экспедициясы болды. Ондағы өмір бізге романтика болып көрінетін. Гитара асынған сақалды жігіттер өздері жатқан жұмбақ бір әлем еді. Мен алдымда отырған қасқа маңдайлы ағамды солардың қатарына ойша апарып қояйын. Жоқ, олардың қатарында елестете алмадым. Бұл кісі бірден ақылман болып туа салған сынды көрінсін.

Ал мамандығына келсек, сөз жоқ, өз ісінің білгірі, тамыршысы еді. Ақадыр өңірінен су да тапқан, кен де тапқан. Сарысу тобындағы жерасты суларын барлап, қорын анықтаған. Қарабұлақ су көзін ашушы да осы Сұлтан ағамыз. Ақадыр кентін нәрлендіріп тұрған Талдыеспе, Мойынты халқы тұтынып отырған Киік жерасты су қорын ашушы да осы Сұлтан ағамыз дегенге сеніңіз.

> **Сұлтан Сүтбайұлы бұрынғы Қазақ тау-кен институтын бітірген. Геология мамандығы бойынша. Оның ішінде гидрогеологы. Бір жазумен Ақадырдан бірақ шыққан. Онда да өзін ойламаған. Өмірлік жары Ғалиясының ертеңін ойлаған. Ал жары болса қазақ тілінің маманы болатын. Басқа жерлерде жұмыс болғанымен қазақ тілді мектеп болмағанды. Ал геологтың жұмысы белгілі. Айлап үй қарасын көрмейтін уақыттар аз болмайды. Соның бәрін бір адамдай бастан өткерді.**

Кірген үйінің төрін терін тамшылатып алды. 1969 жылы Ақадыр геологиялқ барлау экспедициясының бастығы болып тағайындалды. Ағамыз сол тұста бар-жоғы отыз үш жаста болатын. Жалпы, мұндай ірі қызметке қазақ балалары ол кезде іліге бермейтін. Сұлтекең ел сенімін ақтады. Жиырма жылдай бірінші басшы болды. Су іздеп, кен іздеп қоймай Ақадырдың гүлденуіне атсалысты. Геологтар қалашығын тұрғызуға мұрындық болды. Мәдениет, спорт сарайларын салуға қол жеткізді. Жетпісінші жылдардың ортасында Ақадыр өз алдына аудан болып отау құрды. Мұның өзі геологтар жұмысына жаңа қарқын берді. Оның үстіне Жоғарғы Қайрақты комбинатының құрылысы басталған. Бұл комбинат одақтық бесжылдық құрылысы деп жарияланған. Одан бұрын Ақжал кенішіне де осындай республиалық мәртебе берілген.

Сол жұмыстардың басында тұрмаса да қасында тұрғаны айдай анық. Қашан барсаң да осындай себептермен мұрнына су жетпей жүретін. Арманшыл жас жігіт осы Ақадыр топырағында шынықты. Маман гидрогеолог ретінде қалыптасты. Енді оны сонау Одақтың өзі іздейтін болды. КСРО Гидрогеологиялық картасын жасап шығаруға қатысты. Бұл мойындау еді. «Жерасты кен орындарын алғашқы ашушы» атанды. Орталық Қазақстан геологиялық басқармасына қарасты құрылымдар арасында Ақадыр барлау экспедициясы алда жүрді.

Жоғарғы Қайрақты аталмыш мәртебесіне қарай Орталықтың назарында болды. Сол кездегі Совминнің төрағасы Рыжковтың келуі соны көрсетсе керек. Сол төралқа жиынға Сұлтекеңдер қатысқан. Өйткені осы кен орнына Сұлтан ағаның да қатысы бар еді. Вольфраммолибден кендері қорғаныстық маңызы бар кен орнына жатады. Ал осы кен орнын Сұлтекең басқаратын Ақадыр геологиялық барлау экспедициясының геологтары ашқан еді.

Ол кезде аудандық партия комитетінің хатшысы Жазкен Томпиев деген ағамыз болатын. Ол кісі де политті бітірген. Геолог болатын. Бір күні сол кісі қоңырау шалды. Кіріп кет деп. Барсам құпиялап сөйлеседі.

– Сұлтан ағаң жөнінде материал дайында, – деп.

Сөйтсем, осы қорғаныстық маңызы бар өнім шығаратын Жоғарғы Қайрақты комбинатын өндірістік пайдалануға беру және дайындау тобының жобасы Одақтың Лениндік сыйлығына ұсынылыпты.

Қолма қол жазып, хатшының алдына қайта бардым. Жазкен Қалиұлы:

– Геолог ағаң да, кеніш ағаң да, бәрі де дұрыс. Ал негізі біздер ол кісіні Кенаға дейміз, – деп тақырыбын өз қолымен Кенаға деп өзгертіп еді.

Материал дайын болғанымен қуанышты хабар кешіге берді. Тоқсан бірде тамыз оқиғасы басталды, көп ұзамай Одақтың өзі де құлады. Жасыратыны жоқ, өзіміз ала алмағандай күй кештік.

Алайда мұнан ақадырлықтардың Сұлтекеңе деген құрметі еш кеміген жоқ. Алпыс жылдық мерейтойына орай өткен тойын ұйымдастыруға атсалыстық. Інілік құрметімізді көрсеттік. Ағамыздың қырық жылдан астам уақыты осы Ақадыр топырағында өтті. Ауданымыздың Құрметті азаматы атағына ие болды.

Ақадыр топырағы ағамызды еліне, қалды Одаққа танытты. Қазақстан Республикасының Құрметті геологы, КСРО-ның кен барлауының үздігі атанды. Ғалия апамыз да абыройға бөленді. Қазақстан мұғалімдері съезінің делегаты болып, жерлестерін бір көтеріп тастады. Халық ағарту ісінің үздігі атанды.

Біздер ұзақ араласып, хабарласып тұрдық. Кейінде қай жерде де геолог маманы қат болып кетті ғой. Туған өңіріне – Жезқазғанына оралғанымен шалжиып жата алмағанын білетінмін. Әуелі «Центрказнедраға» қарасты Жезқазған аймақтық геология және қазба байлықтарды пайдалану инспекциясында істеді. 2007 жылы «Жезқазғантүстімет» өндірістік бірлестігі бас геологының орынбасары қызметіне шақырылды.

Сұлтекеңді сексеннің сеңгіріне шықты деп айта алмайтын едік. Беріге дейін ширақ, зердесі тастай, бұр,ағы ескі күндерді күні кеше көргендей айтып отыратын. Беріге дейін аталмыш өндірістік бірлестіктің инженер-геологы қызметінен ажыраған жоқ.

Сұлтекеңмен тағы бір бауырласа түсетін жеріміз – ол кісі жиі болмаса да қолына қалам ұстап қоятын. Біраз дүниесін Ақадырда аудандық газетте редактор болып тұрғанда басқанбыз.

«Геология және қазба байлықтарды қорғау» республикалық журналына ғылыми мақалаларымен көрініп жүрді. Одан «Жер сыры мен жан сыры» деген пайымдық эссе кітабы шықты. Алғысөзін жазушы ініміз Кенжебай Ахметов жазыпты.

Сол Кенжебай бауырым дәл атқанындай, «Сұлтекеңнің өз мамандығына деген құрметі, сүйіспеншілігі, мақтанышы ұдайы аңдалып тұрады».

Соң айтайын дегенім, Сұлтекең саясаткер адам-ды. Ол кісінің саясаты – су. Су үшін қақтығыстар әлемде әлі жүріп жатыр. Су саясаты саналарда да жүріп жатыр. Сол үлкен саясаттың басында Сұлтан ағамыздың жүргені баршамызға мақтаныш еді.

Сұлтекең жөніндегі бірінші мақалам шықпай қалған. Ол кісі жөнінде жазған екінші мақалам осы болды. Біріншіі мақаладан тек тақырыбы ғана ауысты. Кенаға деген.

**Т.ӘКІМЖАНҰЛЫ,**
Жезқазған

# ҰЛЫЛАРДЫҢ ҚАСИЕТІ ДАРЫҒАН ҚАЙРАТКЕР

**Көпті көрген адамның болмысы да бөлек болады. Әңгімелескен ортада адамдық, кісілік келбеті мен тау тұлғасы бірден көрінеді. Әр сөзінен зиялылықтың лебі есіп тұрады. Мен Сұлтанбек Қожанов атындағы қайырымдылық қорының президенті Мұқан Әбдіраманұлын осындай азамат дер едім.**



**Ол кісімен таныстығым**

15-20 жылға таяп қалды. Қашан көрсең, бір қалыпта, асықпай баяу, баппен сөйлеп, көпті көргені бірден көзге көрініп тұрады. Қарттыққа аяқ басса да белсенді. Қожановтың есімін ұлықтау жолында қаншама ұлы іс тындырды. Бірақ марқайып, масаттанған жоқ. Істеп жүрген жұмыстардың бәрі ұлт үшін. «Кейінгі ұрпақ ¬Қожановтың қайраткерлік қырын ұмытпаса» дейді.

**Үш принципті ұстанған тұлға**

Сұлтанбек ұлт мүддесін қорғап өткен, қазақтың бағына туған асылымыздың бірегейі. Оның қазақ үшін жасаған жанкешті еңбегі ешқашан дау тудыра алмас. Ұлтын сүйіп, артына өшпес із қалдырған Сұлтекең ұлықтауға лайық. Ал тұлғаны тану, бағалау, жарыққа шығару ұрпақтың еншісінде. Өлгенді тірілтуге бола ма? Әрине болмайды. Бірақ өлгеннің рухын сақтауға болады. Өлгендердің рухы ақ қағаздың бетінде, тірілердің жүрегінде сақталады. Өлгенді тірілту деген осы.

– Мен Алматының төріне Сұлтекеңе арнап, ескерткіш қойдым. Қолымнан келгені осы болды. Ендігі мақсат – Сұлтанбек Қожанұлының атына берілген мектепті заңдастыру. Сұлтанбек халқымызға қазақ деген төл атауын қайтарды. Сұлтекеңнің ықпалымен «Ақмешіт» қаласының аты «Қызылорда» болып өзгертілді. Сондықтан Сұлтанбек Қожанұлының күрескерлік қасиетінен үлгі алуымыз керек. Алланың маған артқан аманаты болар, Сұлтекеңнің қайраткерлік қырын кейінгі ұрпаққа жете таныту үшін тынбай жұмыс істеп келемін, – дейді Мұқан Әбдіраманұлы.

Сексенге аяқ басқан ағамыз әлі тың. Қуат берсін, әлі де қайраткерлік жолын жалғастыра береді. Қожановтың ескерткішін орнату барысында қаншама кедергілерге кездесті. Бірақ аманат арқалаған аға жеңіп шықты. Кейде атқамінерлерге, ағайын арасын ала тайдай бүлдіріп жүргендерге де хат жазып, қатты айтатыны бар. Мұндай сәтте кейбіреулер оны түсіне бермеуі мүмкін. Бірақ қайраткер ағамның сөзінде қашан да туралық, әділдік бар. Ол үш принципті ұстанған қайраткер.

– Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық. Біріншісі – денсаулық, ол түсінікті. Екіншісі –ақылды әйелің, үшіншісі – ішер ас, киер киімің болсын дегені. Мен осы үш принципті ұстанған адаммын. Ең үлкен байлығым –елімнің амандығы, халқымның тыныштығы, ағайынның ынтымағы. Ал өз байлығым – ойлайтын ойым, көретін көзім, сөйлейтін тілім, жұмыс істейтін қолым, жүретін аяғым. Үйде ақылды, арлы, жансерігім жақсы әйелім отыр. Киетін киім, ішетін асым, өмірімді жалғастыратын ұл-қыздарым, балаларым бар, – дейді Мұқан Әбдіраманұлы.

Ол Қожановтың ескерткішін тұрғызуға жинаған қаржысын салды.Кей азаматтар там-тұмдап ақшасын қосты. Ескерткіш салтанатты жағдайда ашылды. Ашылу рәсіміне қазақтың игі жақсылары мен жайсаңдары келді.

Мұқан ағаның ойынша, «Қожановты таныту тұрғысындағы мұндай игі жұмысқа көп қаражат, насихат керек. Түсінігі бар қалталы азаматтар жоқ емес. Ұйымдастыратын, ұйтқы болатын ер керек». Ендігі ойы – мектепке қайраткердің атын беру. Қостаушы көп, бірақ бюрократиялық кедергілер істің тезірек жүзеге асуына мүмкіндік бермей тұр. Бірақ түбінде ақиқат, әділеттілік жеңетініне сенеді.

**Ұлылардан бата алған**

